

"Ақтөбе облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы" облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 20 қыркүйектегі № 458 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облыстық мәслихаттының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 163 шешімі

Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Ақтөбе облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы" облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 20 қыркүйектегі № 458 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6393 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Ақтөбе облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін ұйымдастырудың қағидаларында 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін ұйымдастырудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 1-16) тармақшасына сәйкес әзірленді және жерлеу мен зираттарды күтіп ұстau ісін ұйымдастырудың тәртібін айқындайды.

Зират қорымдарын күтіп ұстauға және пайдалануға, қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеуді және қайта жерлеуді ұйымдастыруға, сондай-ақ жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар "Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 тамыздағы № КР ДСМ-81 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24066 тіркелген) бекітілген "Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында айқындалады.;"

"2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі (бұдан әрі – тіркеуші орган) – азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган;

2) жерлеу – санитариялық, табиғатты қорғау, қала құрылышы және өзге де қағидалар мен нормаларға қайшы келмейтін, марқұмның тілегіне, діни сеніміне, әдет-ғұрпына және дәстүрлеріне сәйкес қайтыс болған адамның денесін (сүйегін) жерге (қабірге, лақатқа) жерлеу немесе күлі бар урнаны қабірге, сағанаға жерлеумен отқа жағу (кремациялау) жөніндегі салт-жора әрекеттері;

- 3) зират (қабір) – қайтыс болған адамды немесе оның сүйегін жерлеу орны;
- 4) зират қорымы – қайтыс болған адамдарды немесе олардың қалдықтарын жерлеу үшін арнайы бөлінген аумақ;
- 5) зират қорымының әкімшілігі – зират қорымын ұсташа және пайдалану жөніндегі ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе занды тұлға.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жерлеу зират қорымының әкімшілігіне қайтыс болуды тіркеуді жүзеге асыратын тіркеуші орган берген қайтыс болу туралы куәлікті және (немесе) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандығы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 045/y нысаны бойынша қайтыс болу туралы медициналық куәлікті не "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алғынған қайтыс болу туралы хабарламаны ұсынғаннан кейін зират қорымының аумағында жүргізіледі."

;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Есепке алу журналында мынадай мәліметтер қамтылады:

жерлеу жылы, айы, күні;

зираттың (қабірдің) нөмірі;

қайтыс болған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);

туған және қайтыс болған күні;

өлімнің себебі;

"электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алғынған қайтыс болу туралы куәліктің немесе хабарламаның нөмірі, күні және кімнің бергені;

марқұмның жақын туыстарының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күні мен нөмірі, мекенжайы, туыстары болмаған жағдайда, жерлеуді жүргізген адамның мекенжайы не жерлеуді жүргізген ұйымның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, мекенжайы".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың хатшысы

А. НУГМАНОВ

2022 жылғы "14"
желтоқсандағы № 163 облыстық
мәслихаттың шешіміне
қосымша
2019 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 458 облыстық мәслихаттың
шешіміне қосымша

Ақтөбе облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін ұйымдастырудың қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін ұйымдастырудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 1-16) тармақшасына сәйкес әзірленді және жерлеу мен зираттарды күтіп ұстau ісін ұйымдастырудың тәртібін айқындайды.

Зират қорымдарын күтіп ұстauға және пайдалануға, қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеуді және қайта жерлеуді ұйымдастыруға, сондай-ақ жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар "Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 тамыздағы № ҚР ДСМ-81 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24066 болып тіркелген) бекітілген "Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында айқындалады.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі (бұдан әрі – тіркеуші орган) – азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган;

2) жерлеу – санитариялық, табигатты қорғау, қала құрылышы және өзге де қағидалар мен нормаларға қайшы келмейтін, марқұмның тілегіне, діни сеніміне, әдет-ғұрпына және дәстүрлеріне сәйкес қайтыс болған адамның денесін (сүйегін) жерге (қабірге, лақатқа) жерлеу немесе күлі бар урнаны қабірге, сағанаға жерлеумен отқа жағу (кремациялау) жөніндегі салт-жора әрекеттері;

3) зират (қабір) – қайтыс болған адамды немесе оның сүйегін жерлеу орны;

4) зират қорымы – қайтыс болған адамдарды немесе олардың қалдықтарын жерлеу үшін арнайы бөлінген аумақ;

5) зират қорымының әкімшілігі – зират қорымын ұстau және пайдалану жөніндегі ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

2-тaraу. Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін ұйымдастырудың тәртібі

3. Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін ұйымдастырудың Қағидаларын Улгілік қағидаларға сәйкес облыс әкімдігі әзірледі.

4. Қағидаларды әзірлеу кезінде елді мекендер аумағының, олардың құрылышының ерекшеліктері, сондай-ақ зираттарды күтіп ұсташа ісін ұйымдастыру, тарихи-мәдени мұра, діни мақсаттағы объектілер және табиғи ландшафты сақтау қажеттігі ескеріледі.

5. Қағидалардың құрылымы:

1) жерлеу үшін орын бөлу тәртібін;

2) қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеу тәртібі;

3) зираттарды жобалау және салу тәртібін;

4) жерлеу орындарын абаттандыруды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұсташа тәртібін;

5) зиратқа арналған жер участекелерін есепке алу және тіркеу тәртібін;

6) зират қорымдарын күтіп ұсташа және оларға қызмет көрсетуге шарт жасасу және оның талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін қамтиды.

6. Жергілікті атқарушы органдар зират қорымы орналасқан және оларға арналған ортақ пайдаланудағы жерден елді мекенниң қайтыс болған әрбір тұрғынын немесе осы елді мекенде қайтыс болған тұрғылықты жері белгісіз адамды жерлеу үшін кемінде алты шаршы метр жер участекесін тегін бөледі.

Зират қорымының аумағы қабірлерге арналған қатарларға бөлінетін және автомобиль көлігіне арналған өтпе жолдармен және зират участекелеріне өтетін жолдармен жайластырылатын участекелерден тұрады.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі зиратқа арналған жер участекелерін есепке алу деректерін (мәліметтерін) жинақтауды және тіркеуді ұйымдастырады, сондай-ақ жерлеу жөніндегі істі ұйымдастыру туралы шарт талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асырады.

Облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданының, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі зиратқа арналған жер участекелерін есепке алу журналдарының негізінде есепке алуды және тіркеуді жүргізеді.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында зират қорымының бос емес және бос участекелері бойынша өзекті ақпаратты орналастырады.

7. Жерлеу зират қорымының әкімшілігіне қайтыс болуды тіркеуді жүзеге асыратын тіркеуші орган берген қайтыс болу туралы куәлікті және (немесе) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бүйрүғымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 тіркелген) бекітілген № 045/у нысаны бойынша қайтыс болу туралы медициналық куәлікті не "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алынған қайтыс болу туралы хабарламаны ұсынғаннан кейін зират қорымының аумағында жүргізіледі.

8. Жерлеу зират қорымы әкімшілігі жүргізетін есепке алу журналында тіркеледі.

9. Есепке алу журналында мынадай мәліметтер қамтылады:

жерлеу жылы, айы, күні;

зираттың (қабірдің) нөмірі;

қайтыс болған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);

туған және қайтыс болған күні;

өлімнің себебі;

"электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алынған қайтыс болу туралы куәліктің немесе хабарламаның нөмірі, күні және кімнің бергені;

марқұмның жақын туыстарының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болған жағдайда), жеке басын куәландаратын құжаттың берілген күні мен нөмірі, мекенжайы, туыстары болмаған жағдайда, жерлеуді жүргізген адамның мекенжайы не жерлеуді жүргізген ұйымның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, мекенжайы.

10. Жақын туыстарының, сондай-ақ жұбайының (зайыбының) жазбаша өтініші бойынша жергілікті атқарушы органға, қаладағы аудан әкімінің аппаратына қайтыс болған адаммен жақын туыстырын растайтын құжаттарды ұсынған кезде қайтыс болған адамды немесе оның сүйегін бұрын қайтыс болған жақын туысының жанында жерлеу көрсетілген жерлеу орнында бос жер участесі немесе бұрын қайтыс болған жақын туысының зираты болған кезде қамтамасыз етіледі.

11. Сот-медициналық зерттеуден кейін мәйітханада жүрген қайтыс болған адамдардың табылған мәйіттерін немесе олардың сүйектерін, суға кеткендерді, үйден тыс жерде кенеттен қайтыс болғандарды жерлеу рәсімін ұйымдастыруды өзіне алуды мүмкін туыстары немесе адамдар мен мекемелер болмаған кезде қайтыс болу фактісі тіркелгеннен кейін жергілікті атқарушы органдарға жүктеледі.

12. Туыссыз адамдарды жерлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

13. Мына жағдайлардан басқа жағдайда, жұмыс істеп тұрған және жабық зират қорымдарында сүйектерді қайта жерлеуге жол берілмейді:

зират қорымын немесе оның участесін мерзімінен бұрын жою;

сүйектерді (мұрделерді) Қазақстан Республикасының басқа жерлеріне немесе одан тыс жерлерге қайта жерлеу үшін жекелеген зираттардан тасымалдау кезіндегі жағдайларды қоспағанда, сүйектерді (мұрделерді) жұмыс істеп тұрған және жабық зират қорымдарында қайта жерлеуге рұқсат етілмейді.

14. Қабірлерді жобалау және салу:

қабірлердің участекелері арасындағы қашықтық ұзын жақтары бойынша кемінде 1 метрді, ал қысқа жақтары бойынша кемінде 0,5 метрді құрайды;

қабірдің терендігі топырақтың сипатына және топырақ асты суларының деңгейіне байланысты белгіленеді және жер бетінен табыттың қақпағына (бар болған жағдайда) дейін кемінде 1,5 метрді құрайды. Барлық жағдайларда қабірге арналған белгі жер асты суларының деңгейінен 0,5 метрге жоғары болады;

аса қауіпті инфекциялардан қайтыс болғандар үшін қабірдің терендігі 2 метр деңгейінде белгіленеді, бұл ретте түбіне кемінде 10 сантиметр қабатпен хлорлы әк салынады;

әрбір қабірдің жер бетінен 0,5 метрге биік үймесі (бұдан әрі – қабір үсті төмпешігі) болады. Қабір үсті төмпешігі қабірді атмосфера суларынан қорғау үшін оның шеттерін жауып тұруы тиіс.

15. Жерлеу орындарын абаттандыру және оларды күтіп ұстау:

Жерлеуге бөлінген участкенің шекарасында:

табиғи тастан немесе бетоннан жасалған қабір үсті ескерткіштер мен құрылыштар, гүлзарлар мен орындықтар орнатуға;

қабір басында гүл, кейіннен қырқылып отырылатын сәндік бұтадан қоршау отырғызуғажол беріледі.

Зираттарды одан әрі күтіп ұстауды жақын туысы тиісті тәртіппен қамтамасыз етеді.

Ескерткіштер мен құрылыштарды орналастыруға, үстелдерді, орындықтарды және құрылыштарды жерлеу участкесінен тыс жерлерде орналастыруға жол берілмейді.

Зират қорымдарын (өтпе жолдар, соқпақтар, гүлбақтар, көгалдар, көріздік, электрлік және су құбыры желілері және құрылыштар) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті тәртіппен жергілікті атқарушы органдар күтіп ұстайды.

16. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы мен зират қорымының әкімшілігі арасында зират қорымдарын күтіп ұстауға және оларға қызмет көрсетуге шарт жасасу мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес өткізілетін конкурстың қорытындысы бойынша уақтылы жүзеге асырылады.

17. Зират қорымының әкімшілігі мыналарды:

1) азаматтарға жерлеу қызметтерін көрсету тәртібі туралы, оның ішінде зират қорымы аумағындағы стендерде ақпарат орналастыра отырып, толық ақпарат беруді;

2) қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеу үшін зираттарды уақтылы дайындауды;

3) жерлеу үшін әрбір жер участкесін бөліп берудің белгіленген нормасын және зираттарды дайындау қағидаларын сақтауды;

4) ғимараттарды, инженерлік жабдықтарды, зират қорымының аумағын, қоршауды, жарықтандыруды жарамды күйде ұстайды;

5) жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарды және шаруашылық мақсаттағы басқа да участкелерді жүйелі түрде жинауды, сумен жабдықтау желілеріне қызмет көрсетуді, зираттың бүкіл аумағындағы жасыл екпелерді күтіп ұстайды, жолдарды ағымдағы жөндеуді және қоқысты уақтылы шығаруды қоса алғанда, зираттарды күтіп ұстай жөніндегі жұмыстардың ұйымдастырылуын бақылауды;

6) азаматтарға жерлеу орнын күтіп-бағу үшін мүкәммалды жалға беруді;

7) жерлеу қызметтерінің өзге де субъектілеріне тең қолжетімділікті ұсынуды қамтамасыз етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК